

**Тақырыбы:
Қазақстан кеңестік
экономикалық және
әлеуметтік-саяси жүйенің
дағдарысының өршуі
кезеңінде (1964-1985 жж.)**

Жоспары:

- 1. 60 ж. ІІ-ші жартысындағы Қазақстан дамудағы өзгерістер**
- 2. Тоқырау жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық саяси дамуы (1971-1985 жж.)**
- 3. 70-80 жж. Қазақстанның өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы.**

Саси өмір ерекшеліктері:

- 1962-1969 жылдар –реформашылдық дүрбелең кезеңі. Реформалар жүргізудегі жіберілген кемшіліктер:
 - Экономикалық байланыстар мен қатынастарды түбегейлі өзгерту жолдары көрсетілмеді;
 - Проблемалар ұйымдық қайта құруға есептелген субъективтік әрекеттер жолымен шешілді;
 - Қайта құрулар шалағай ойластырылып, тұрақсыздық, тұрмыс деңгейінің және әлеуметтік кепілдіктердің әлсіреу қаупін тудырды.

- 1964 ж. 14 қазан – КОКП ОК –нің пленумында партия мен ел басшылығы ауыстырылды. Шаруашылық мәселесін шешудегі субъективтілік пен өктемдік әрекеттер айыпталды.
- КОКП ОК-нің І-ші хатшылығына -Л. И.Брежнев сайланды;
- Кеңес үкіметінің басшылығына – А.Н. Косыгин сайланды.

- 1964 жылғы қараша – КОКП ОК-нің пленумы партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдарының өндірістік ұстаным бойынша бөлінуін тоқтатып, аумақтық-өндірістік ұстаным бойынша бөлді;
- Н.С.Хрущев басшылығы кезінде енгізілген қайта құру, өзгерістер, жетілдірулер идеясы мұқият ойластырылған шешімдер саясатымен ауыстырылуға тиіс болды.

Өнеркәсіптің дамуы:

- 1965 ж. қыркүйек – КОКП ОК –нің пленумы өнеркәсіпті дамытуға арналды. Міндеттері:
 - Өнеркәсіпті салалық ұстаным бойынша басқару;
 - Өнеркәсіп салалары бойынша одақтық-республикалық министрлер құру;
 - Кәсіпорындар дербестігін арттыру;
 - Шаруашылық есепті дамыту;
 - экономикалық ынталандыру мен материалдық мадақтауларды көбейту.

- 1965 жыл – КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы “Өнеркәсіпті басқару жүйесін өзгерту” және “Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі кейбір басқару органдарын өзгеше құру туралы” Заң қабылдады.
- Қазақстан Компартиясы ОК-нің XIV пленумы мен Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі де осындай Заң қабылдады:

- Халық шаруашылығы Кеңесі мен экономикалық аудандардың жергілікті Кеңестерге таратылды;
- Бірқатар одақтық-республикалық салалық министрліктер құрылды;
- Кейбір кәсіпорындар біріктірілді: өнеркәсіптік, орман, ағаш өңдеу, құрылыс материалдары, азық-түлік т.б.

- 1965 жыл – республика одақта өндірілетін шойынның -2,5 %, темірдің- 9,2%, көмірдің – 7,9%, болаттың – 1,2 % берді.
- Реформалар нәтижесінде республиканың экономикалық күш қуаты мен өндірістік қорлары 2 еседен астам деңгейге артты.

Ауыл шаруашылығы

- 1965 жылғы наурыз –КОКП ОК-нің пленумы тиімді аграрлық саясат әзірлеуге әрекет жасады. Шешімдері:
 - Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу бағасын 2 есеге өсіру;
 - жоспардан тыс сатылған өнім үшін үстеме ақы төлеу;
 - Табыс салығын алу шарттарын өзгерту;
 - Ауыл мұқтажына бөлінетін қаржы

көлемін ұлғайту;

- Материалдық –техникалық базаны нығайту;
- 1967 жылғы сәуір – “Совхоздар мен өзге мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындар толық шаруашылық есепке көшіру туралы” қаулы қабылданды.

Тоқырау жылдарындағы Қазақстан:

- Жаңашыл үрдістер әлсіреді;
- Қоғамдық құрылыс ұстанымдары мен түрлері тоқырауға ұшырады;
- 1977 ж. мамыр – КСРО Конституциясы қабылданды. Міндеттері:
- Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау;
- Социалистік қоғамдық қатынастарды жетілдіру және коммунистік қатынастарға айналдыру;
- Коммунистік қоғам адамын тәрбиелеу.

- 1978 ж.20 сәуір –Қазақ КСР жаңа Конституциясы қабылданды;
- 1979 ж. көктем - КОКП ОК-і Қазақстан аумағында неміс автономиялық облыс құру туралы шешім қабылдады;
- Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы А.Коркин басшылық ететін арнайы комитет құрылып, мынадай шешім шығарды:
- Неміс автономиясының әкімшілік

орталығы – Ақмола облысындағы Ерейментау қаласы. Автономия құрамы – Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау облыстарының бірнеше аудандары;

- 1979 ж. 16-19 маусым – Ақмола жастарының наразылығы;
- Ақмола оқиғасының нәтижесі:
 - Қазақ халқының мүдделерін аяққа басудың көрінісі;
 - Орталықтың ұлтаралық қатынасты жергілікті халықпен есептеспей, әміршілдік әдіспен реттеудің мезгілі өткендігінің дәлелі.

Кеңестік қоғамның саяси жүйесіне тән белгілер:

- Демократияны шектеу;
- Еңбекшілерді меншік пен билікке жақындатпау;
- Адамның жеке басын аяқ асты ету;
- Қоғамдық ұйымдардың партиялық – мемлекеттік аппаратпен тұтасуы;
- Сөз бен іс арасындағы алшақтық.

Өнеркәсіптегі жағдай

- 70 жылдары ғылым мен техниканы тұтастырып, ғылыми-өндірістік бірлестіктер құру мәселесі көтерілді;
- елде өндірістік және ғылыми-өндірістік бірлестіктер көбейді;

Өндіріс саласындағы кемшіліктер:

- Республика бұрынғысынша шикізат өндірісіне біржақты бағдар ұсталды;
- Пайдалы қазбалар мен қуат көздерін

өндірудегі шикізат пен қуатты пайдалану тиімділігі төмен болды;

- Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен республика Одақ бойынша 3-орында болды;
- 70-80 жж. алып кәсіпорындар түріндегі шикізат салаларын дамытуға бағыт ұстау халық тұтынатын тауарлар, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өндірісі дамуының жеткіліксіз болуына әкеп соқты;
- Нәтижесінде, халық тұтынатын азық-түлік емес тауарлардың 60 %—ы шеттен әкелінді.

Ауылшаруашылығының жағдайы

- 70-80 жж. Ауылшаруашылығы жөнінде ауқымды шешімдер қабылданды:
 - Материалдық базаны нығайту;
 - Мамандандыру мен шоғырландыру;
 - Қаражат көлемін арттыру.
- Бұл жылдары ауылшаруашылық өнімдерін өндіру төмендей бастады:
 - 1971-1975 жж. – 13%;
 - 11 бесжылдықта – 0,4%.

- Ауылшаруашылығын мамандандыру, кооперациялау және агро-өнеркәсіптік интеграциялау туралы КОКП ОК –нің 1976 жылғы шешімі шықты;
- Колхоздар мен совхоздарды механикаландырылған агро-өнеркәсіптік бірлестіктерді күштеп біріктіру жүргізілді.
- 1982 жылғы мамыр –КОКП ОК-ның пленумындағы шешімдер:
 - азық-түлік бағдарламасы қабылданды;
 - Агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігінің жеткіліксіз дәрежеде екендігі мойындалды;

- ауыл шаруашылығы және оған қызмет ететін салалардың, көлік пен сауданың жұмысын біріктіру көзделді. Алайда, бұл бағдарлама нәтижесіз аяқталды. Себептері:
 - Бағдарлама басқарудың ескірген жүйесі аясында жасалды;
 - Шаруалардың экономикалық мүдделері ескерілмеді;
 - Колхоздар мен совхоздардың шаруашылық дербестігі жоғарыдан реттелді;
 - экстенсивті тәсілдер жалғасты.